

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АРХИВИ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 25 наурыз 1994 ж. N 298

"Қазақстан Республикасы Президентінің Архивін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 14 қаңтардағы N 1502 U941502\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қазіргі тарихының орталық мемлекеттік архиві (ҚТОМА) негізінде құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві орталық мемлекеттік архивтің функциясын атқаратын үкіметтік мекеме болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне әкімшілік-ұйымдық басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты, ғылыми-әдістемелік басшылықты - Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасы жүзеге асырады деп анықталсын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен. P961031\_

3. Архивтің қалыпты жұмыс істеуі және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қызметі туралы құжаттық текстік, аудиторлық көру материалдары, баспалық басылымдар сақталуын қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- Қазақстан Республикасының ҚТОМА-сын ұстауға арналып республика бюджетінде көзделген қаражат Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасынан Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне берілуін қамтамасыз етсін; <\*>

- 1994 жылға арналған бюджетті дәлдей түсу кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне өртке қарсы дабыл көтеру құрылғысын ауыстыруға, кондиционерлік қондырғы мен тоңазытқыш мәшинелерді күрделі жөндеуге, автоматты өрт сөндіру жүйесін жобалау мен оны орнатуға; аудиторлық көру материалдарын сақтауға арналған екі архив қоймасын қайта жабдықтауға; қажетті жабдықтар (ұйымдық техника, компьютерлер, лабораториялық техника) мен материалдар, қызметтік бір жеңіл автомобиль сатып алуға арналған қаражат, сондай-ақ қызметтік бір жеңіл автомобиль мен арнаулы мақсаттағы бір автомобиль ұстауға арналған лимит бөлінуін көздейтін болсын;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп екі апта мерзімде Архивтің мәртебесін және орталық мемлекеттік архивтің функциясын

орындайтынын еске алып, ерекше еңбек жағдайы үшін үстемеақыны сақтай отырып, Архив қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу схемасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

- Қазақстан Республикасының бұрынғы ҚТОМА-сының материалдық-техникалық базасын Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне қалдырсын;

- Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты үйінің бірінші қабатынан Архивке қажетті мөлшерде қызметтік кабинет бөлсін;

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты инженерлік желілер мен тіршілікті қамтамасыз ететін басқа да технологиялық құрал-жабдықтарды, сондай-ақ Архивке бекітілген үй-жайларды пайдалануды және оларға жөндеу-профилактикалық күтім жасауды қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Архивін күзетуді қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің автокөлігіне күтім жасау туралы мәселені шешетін болсын;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы 1994 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Архивін ұйымдық техникамен, компьютерлермен, магнитофондармен, бейнемагнитофондармен және басқа қажетті жабдықтармен және материалдармен қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен.

4. Бұқаралық ақпарат және архив қызметінің органдары Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қызметі туралы кино, бейне, фото, фоноқұжаттарды Архивте сақтауға беру тәртібін анықтап, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивімен келісіп алатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі Архив қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсету туралы мәселені белгіленген тәртіп бойынша шешсін.

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының мәселелері" деп аталатын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі № 977 қаулысы 11-тармағының екінші абзацындағы

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1992 жылғы 18 тамыздағы № 195 қаулысына № 1 қосымшасы

2б тармағы және" деген сөздер алып тасталсын.

7.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.04.28. № 672

қаулысымен.

P970672\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК